

Б.Д. Жұмақаева<sup>1</sup>, Г.Ә. Сағынаева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қазақ мемлекеттік қыздар педагогика университеті, Алматы;

<sup>2</sup>Павлодар мемлекеттік педагогикалық институты  
(E-mail: d.bereke2009@mail.ru)

## Жоғары мектепте қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің жетілдіруі

Мақалада жоғары мектепте қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің қалыптасу жолы қарастырылған. Әдебиетті оқыту әдістемесін қалыптастырушы тұлғалардың еңбектері зерделеніп, олардың әдебиетті оқыту саласындағы ролі, оқу құралдарының функционалдық қыры анықталған. Сонымен қатар жоғарғы мектепте әдебиетті оқыту әдістемесінің бүгінгі жай-күйі зерделенген. Білім беру саласындағы оқытудың жаңа тенденциялары әдебиетті жоғары мектепте оқытудың әдіснамалық негізін қайта саралау қажеттігін тудырып отыр. Белгілі бір ғылым саласының қалыптасу жолы саралау арқылы оның даму деңгейі мен бүгінгі дәрежесін байқауға болады. Сол арқылы осы саладағы зерттеудің жаңа бағыттарын айқындауға болады.

*Кілт сөздер:* оқыту, ұстаным, антропоцентристік, парадигма, педагогика, психология, педагогикалық технология, тұлғалық, құрылымдық, құзыреттілік.

Бүгінде ғылымның дамуында антропоцентристік парадигма басымдық танытуы — ғылымның қолданбалық сипатының күшейе түскенінің айқын дәлелі. Адам жетістіктің иесі және тұтынушысы ретінде алдыңға орынға шығу арқылы ғылым жетістіктерін күнделікті қажетіне жаратуға мүдделі. Әдебиеттану ғылымының да игілікті ізденістері мен іргелі зерттеулері әдеби қауымға, әдебиеттану саласының ертеңгі тізгінін ұстар жас буынға, жоғары мектепте әдебиет пәні маманы ретінде даярланушы шәкірттердің құзыреттілігін қалыптастыруға бағытталатыны мәлім.

Әдебиетті оқыту әдістемесінде әлі де түрен салынбай келе жатқан тың сала — жоғары мектепте әдебиетті оқыту әдістемесі. Жасыратыны жоқ, жоғары оқу орындарында әдебиет арнаулы пән ретінде оқылғанына бір ғасырға жуық уақыт болды. Осы жылдар ішінде қазақ әдебиетін пән ретінде жоғары мектепте оқыту әдістемесінен қорғалған ғылыми еңбек жарық көрмеді десек, қателеспейміз. Оның өзіндік себептері де жоқ емес. Біріншіден, әдебиет пән ретінде оқытылатын оқу орындары орта мектепке әдебиет пәнін оқытушы маман даярлау мақсатын көздейді. Ал ондай оқу орындарының негізгі нысаны орта мектеп болғандықтан, оқу-әдістемелік ізденістер мұғалім мамандығын алушылардың кәсібін шыңдауға бағытталады. Сондықтан орта мектепте әдебиетті оқыту әдістемесіне көбірек ден қойылды. Екіншіден, тәуелсіздік алған кезеңнен бері (кеңес кезеңінде де) 13.00.02 — «Оқыту теориясы мен әдістемесі (бастауыш, орта, жоғары білім жүйесіндегі қазақ әдебиеті)» диссертациялық кеңесін құру ісі осы саладағы ғылыми әлеуеттің жетімсіздігіне байланысты кешеуілдеумен болды. Аталмыш салада азды-көпті ғылыми дәреже қорғағандар бір мәрте жұмыс бағытындағы ғылыми кеңеске жүгінді.

Дегенмен жоғары мектепте қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі сүрлеусіз тың жолға түрен салғандай қарға адымдап болсын қалыптаса бастады. Қазақстандағы ең бірінші ашылған оқу орнының (1928 ашылған, қазіргі Абай атындағы ұлттық педагогикалық университеті) лингвистика-педагогикалық факультетінде (кейінірек филология факультеті болған) қазақтың зиялы әдебиетші-ғалымдары еңбек етті. Кейін ашылған басқа жоғары оқу орындарында да осы үрдіс қалыптасты. Қазақ зиялылары ақын, жазушылар, оқытушылар, білім беру саласының алғашқы қайраткерлері С.Сейфуллин, Ж.Аймауытов, Т.Шонаұлы, М.Жұмабаев, Ғ.Болғанбаев, М.Жолдыбаев, Қ.Жұбанов, Қ.Тоқтыбаев, І.Жансүгіров, Б.Майлин, С.Мұқанов, Қ.Жұмалиев, Ө.Тұрманжанов, М.Әуезов, Т.Нұртазин, М.Ғабдуллин, М.Мағауин, З.Қабдолов, С.Қирабаев, Н.Ғабдуллин, Н.Келімбетов, тағы басқа тұлғалар білім саласында еңбек ете жүріп, Қазақстанда ашылған бастауыш, орта мектептерге оқулықтар, оқу құралары, әдебиет-хрестоматияларын жазды.

Оның айқын дәлелі ретінде М.Әуезовтің «Әдебиет тарихы» оқулығы, І.Жансүгіров, С.Сейфоллаұлы, Ә.Мәметкелінінің «Әдебиет құралы» оқулығы (1932), С.Сейфоллаұлы, Ө.Тұрманжанұлының «Көркем әдебиет» (1934), М.Жолдыбайұлы, Ә.Қоңыратбайұлы, М.Қаратайұлының төрт жылдық мектепке арналған «Әдебиет хрестоматиясы», Е.Исмайылов пен Қ.Бекхожиннің 5-сыныпқа арналған хрестоматиясы, 1937–1938 жылдары М.Әуезовтің 6-сынып үшін,

Д.Әбіловтің 7-сыныпқа арналған, С.Мұқанов пен Қ.Бекхожиннің 8-сынып үшін, Е.Исмайылов пен Қ.Бекхожиннің 9-сыныпқа арналған әдебиет хрестоматиялары, тағы басқа авторлардың осыған жалғасты оқулықтарының кейін де жарық көруін айтсақ болады.

Қазақ әдебиетінің қалыптасуы мен оның орта және жоғары мектепте арнайы пән ретінде оқылуына ықпал еткен әдебиеттанушы-ғалымдарымыз өздері де жоғары оқу орнында дәріс оқыды. Жоғары мектепте әдебиет пәнінен дәріс сабақтарын өткізе жүріп, әдебиетті жоғары мектепте оқытудың міндетін пайымынша шешіп жүрді.

Қазақ әдебиетін мектепте оқыту әдістемесінің қарқынды дамуы 60-жж. бастау алады. Ендігі жерде арнайы қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімін даярлайтын оқу орындарында қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі дербес пән ретінде оқытылып, оқулық жазу ісі қолға алынды. Ә.Қоңыратбаевтың «Әдебиетті оқыту методикасының очерктері», «Қазақ әдебиетінің методикасы», А.Көшімбаевтың «Қазақ әдебиетінің методикасы», «Орта мектептің қазақ әдебиетін оқыту методикасының мәселелері» деген еңбектерінің жарық көруі әдебиетті оқыту әдістемесінің дербес ғылым саласы ретінде дамуының айқын дәлелі еді. Осыған дейін орыс әдіскерлерінің еңбектерін қуаттап, центристік бағыт ұстанып отырған қазақ әдебиеті әдістемесінің ендігі бағыты қазақ әдебиетінің өзіндік ерекшеліктерін тыныта оқытудың өзіндік әдіс-тәсілдер жүйесін жасау болды. Сондықтан аталған еңбектер қазақ әдебиеті әдістемесінің іргелі мәселесін көтергендігі жағынан бағалы деп білуге болады.

Осы бір кезеңдерде жеке ақын-жазушылар шығармаларын дербес талдау да көбірек қолға алынды. Ә.Дербісалиннің «С.Мұқанов творчествосын оқыту үшін көмекші құрал», Ә.Дайырованың «Орта мектепте І.Жансүгіров творчествосын оқыту», С.Қалиевтің «Ғ.Мүсірепов шығармаларын қазақ орта мектебінде оқыту», Қ.Тасболатовтың М.О.Әуезовтің творчествосын орта мектепте оқыту мәселелерін талдаған «Әдебиет сабағында оқушылардың танымдық белсенділігін артыру жолдары» деген мұғалімдерге арналған көмекші құралдар жарық көрді.

Жоғары мектепте әдебиеттің тарихи курсы, әдебиет теориясы, сыны — тұтас алғанда әдебиеттану салаларынан толық білім қалыптастыру көзделетіні мәлім. Әдебиеттану саласында ғалымдардың қол жеткізген табыстары: монографиялар, ғылыми зерттеулер, әдебиет тарихы, теориясы, сынынан жазылған оқулықтар әдебиеттану саласын дамытумен қатар, филология мамандығында оқитын болашақ мамандардың оқу құралы ретінде де қызмет атқарып келеді. Әдебиеттану саласының зерттеу арналары кеңейе түсуде. Әдебиеттің тарихы, теориясы, сыны жаңа ізденістермен толығы үстінде. Кейінгі жылдары жоғары оқу орындарында қазақ әдебиетінің теориясы, тарихы мен сынынан арнаулы курстар бойынша оқу құралдары мен оқулықтар жазу үрдісі қалыптасып келеді. Бұл қатарда біраз авторларды атауға болады. Ж.Дәдебаевтың «Қазақ тарихи романы, дәстүр мен жаңашылдық» атты оқу құралын (1988); «Қазақ әдебиеті (1960–1990)» атты лекциялар курсы (Н.Сағындықовпен бірігіп жазған, 2002); Т.Есембековтің «Көркем мәтін поэтикасы» оқу құралы (2012); А.Исмақованың «Қазақ көркем прозасы» еңбегін (1998); Г.Пірәлиеваның «XX ғасырдағы қазақ әдебиеттануы (1920–2005 жж.)» атты оқу құралын (2010), С.Ержанованың «Қазақ поэзиясы тәуелсіздік тұсында» атты оқу құралы (2010) т.б. әдебиетші-ғалымдардың жоғары оқу орындарына арнап жазған оқулықтары мен оқу құралдарын атауға болады.

Дегенмен жоғары оқу орындарында әдебиетті оқытудың әдістемесі бойынша іргелі зерттеу еңбегі, жоғары мектепте әдебиетті оқыту әдістемесін жүйелеген оқулық, оқу құралын жазу ісі, әдебиетті жоғары мектепте оқытудың әдіснамалық негізін саралау қолға алынбай келе жатқанын айтқан орынды.

Ал әдебиет теориясының жоғары мектепте оқытылу жайына тоқталар болсақ, байқауымызша, бұл салада қазақ тілінде жазылған оқулықтар санаулы. Көш басына А.Байтұрсынұлының «Әдебиет танытқыш» еңбегін сала отырып, З.Қабдоловтың «Сөз өнері», Р.Нұрғалиевтің «Әдебиет теориясы» (2003), С.Мақырұлының «Адамтану өнері» (2009), М.Шабжанқызының «Әдебиет теориясы» (2002), К.Ахметовтың «Әдебиеттану әліппесі» (2000), «Әдебиеттануға кіріспе» (2004) т.б. оқу құралдарын айтуға болады.

Ал осы пәндерді, яғни, әдебиет тануға кіріспе, әдебиет теориясын жоғары мектепте оқыту әдістемесінен де ғылыми еңбек қолға алынбай келеді. Әдебиетті жоғары мектепте оқыту әдістемесі тың сала екендігін мойындай отырып, әдебиет теориясын оқытудың мақсат, міндеті мен жауапкершілігін түсінуге болады.

Әдебиетті оқытуға тікелей қатысы болмаса да, жоғары мектеп оқу үдерісінің азды-көпті нысанға алынуы, оқу-әдістемелік еңбектердің жарияланымы жаңа оқыту технологияларының білім жүйесіне жол тартуына байланысты болды. Қазақстандағы инновациялық экономиканың құрылуынан

туындаған жоғары оқу орындарына қойылып отырған жаңа талаптар жоғары мектепте ғылыми-инновациялық ортаны кеңейте түсті. А.Әлімовтің «Интербелсенді әдістерді жоғары оқу орындарында қолдану» (2011), Е.Жұматаеваның «Жоғары мектепте әдебиетті білімденудің инновациялық технологияларымен оқыту» (2012), А.А.Вербицкийдің «Активное обучение в высшей школе: Контекстный подход: методическое пособие» (1991), С.И.Архангельскийдің «Лекции по теории обучения в высшей школе» (1995), А.Г.Тряпичианың «Компетентностный подход в высшем профессиональном образовании» (2005), Д.В.Чернилевскийдің «Дидактические технологии в высшей школе» (2001), Ж.А.Кулекееваның редакциялық басқаруымен «Основы кредитной системы обучения в Казахстане» (2004) т.б. оқулық, оқу құралдарының жазылуы білім саласында жоғары мектептегі оқу үдерісін жаңа технологиялар көшіне ілестіру мақсатының басымдығын танытады.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бастамасымен Назарбаев университеті мен Кембридж университетінің білім беру факультетімен бірлесіп әзірлеген деңгейлі бағдарламасы негізінде республиканың педагог-қызметкерлерінің біліктілігін арттырудың деңгейлі бағдарламасы әзерленуі, жоғары оқу орындарының бітіруші курс студенттеріне осы бағдарламаның негізінде қосымша кәсіби білім беру әдіснамасы мен технологиясының қолға алынуы да игілікті шараның міндеттерін жүзеге асыру жолдары ретінде қарауға болады.

Жоғары мектеп дидактикасының дамуында ресей ғалымдарының үлесі зор. Осы саладағы дидактика мен инновациялық технологиялардың дамуының қозғаушы күші ретінде танылған ресей ғалымдары өткен ғасырдың 60-жылдарының өзінде жоғары мектептің оқыту әдістемесіне жаңа технологияларды енгізе бастады. А.В.Коржуевтың «Вузовский учебный процесс: состояние, проблемы, решения» (2001), С.И.Архангельскийдің «Учебный процесс в высшей школе, его закономерные основы и методы» (1980), Ю.Г.Фокиннің «Образование и воспитание в высшей школе» (2002) еңбектері жоғары мектептегі дидактиканың жекелеген мәселелерін қарастырды.

Ал сонау орта ғасырдағы Болонья жоғары мектептерінен бастау алып, Я.А.Коменскийдің идеясымен кеңестік кезеңде ірге жайған сыныптық оқыту үдерісіне 90-жылдары жаңа дәстүр ене бастады. Педагогикада білімнің жаңа парадигмасы қалыптасу үстінде болды. Оқыту процесін дамытудың жаңа тенденциялары бой көтеріп, білім алушыны дамыту мақсаты оқытуды тұлғаға бағыттау қажеттігін айқындай түсті. 1960-жылдардың өзінде оқытудың жаңа бағыттары бой көтеріп, ішінара зерттеу жұмыстары жүргізіле бастаған болатын. Жаңа идеяның тірегіне айналған психолог-ғалым Л.С.Выготскийдің зерттеуі десек қателеспейміз. Ол тұлғаның дамуындағы өзекті деңгей мен жақын даму аймағы деп атаған объектісін ерекше бөліп қарастырып, «даму алда жүретін оқыту түрі ғана ең жақсы оқыту бола алады, тек дұрыс ұйымдастырылған оқыту ғана ақыл-ойды дамыта алады» деген тұжырым жасады [1]. Оқытудың тұлғаға бағытталған технологияларын Ш.А.Амонашвили, Е.В.Бондаревская, Ю.И.Турчанинова, тағы басқа ғалымдар қолдады. Нәтижесінде педагогикада «жаңа технология» ұғымы туды. Білім беру жүйесіне «педагогикалық технология» терминінің еніп, түрлі технологиялардың қатыптаса бастауына түрткі болған шетел ғалымдары болды. Олар оқыту технологиясын жалпы дидактиканың бір бөлігі ретінде, оқытудың оңтайлы жолын анықтайтын оқу үдерісі ретінде қарастырды.

Ресей және отандық әдіскер-ғалымдардың педагогикалық технология туралы талдамалары әралуандығына қарамастан, барлығында ортақ бір жүйе қалыптаса бастады. Ол тұлғаны дамыту мақсаттарынан туындайтын оқу іс-әрекеттерінің ойластырылған құрылымдық жүйесі еді. Ойымыздың дәлелі ретінде бірер мысал келтірер болсақ: В.П.Беспалько «практикада іске асатын нақты педагогикалық жүйе, жоба» деген анықтама бере отырып, педагогикалық жүйені «тұлғаны қалыптастыруға ықпал ететін арнайы ұйымдастырған, мақсатты, бір-бірімен өзара байланыстағы әдіс-тәсілдер» деп қарастырды [2].

Осылайша педагогикалық технология — оқыту үдерісін түгелдей қолдану және бағалау, сондай-ақ адамдар мен техника ресурстарын ескеру арқылы білімді игеру, білім берудің тиімді түріне жету үшін оларды жоспарлаудың жүйелі әдісі ретінде түсіндірілді.

Бүгінде білім беру жүйесінде өзінің тиімділігімен ерекшеленген бірнеше инновациялық технологиялар мәлім. Олар:

1. Дамыта оқыту технологиясы (Л.С.Выготский, В.В.Давыдов, Л.В.Зенков).
2. Проблемалы оқыту технологиясы (М.И.Махмудов).
3. Саралап оқыту технологиясы (В.В.Фирсов, Н.П.Гузик).
4. Оза отырып оқыту технологиясы (С.Н.Лысенкова).

5. Оқу материалдарының белгі және сызба үлгілері негізінде қарқынды оқыту технологиясы (В.Ф.Шаталов).

6. Топтық және ұжымдық оқыту технологиясы (И.Д.Первин, В.К.Дьяченко).

7. Дидактикалық бірліктерді ірілендіріп оқыту технологиясы (П.М.Эрдниев).

8. «Әдебиетті адам қалыптастырушы пән ретінде» оқыту жүйесі (Е.Н.Ильин).

9. Жобалау технологиясы.

10. Модульдік оқыту технологиясы (М.Чошанов, П.И.Третьяков, К.Вазина).

11. Ақпараттық, коммуникативтік технология, тағы басқалар.

Осы аталған технологиялар республикамыздың білім беру саласына еркін ене бастады. Жаңа оқыту технологияларының республика аймағында таралуына елеулі үлес қосып, ғылыми-әдістемелік негізінің қалыптасуына ықпал еткен отандық (А.Қараев, М.Жанпейісова, С.Мирсейітова, А.Әлімов, Ә.Жүнісбек, А.Сатбекова, Н.Оразақынова, тағы басқалар) әдіскер-ғалымдар екені белгілі.

Жоғарыда аталған технологиялардың оқу сапасын арттыру мен тұлғаның дамытуға игі ықпалы бар екенін тәжірибе көрсетіп отыр. Дамыта оқыту технологиясының авторларының (Л.С.Выготский, Л.В.Зенков, В.В.Давыдов, тағы басқалардың) пікірінше, бұл технология — жеке тұлғаның барлық сапаларын тұтас сәйкестікте дамытуға бағытталған жүйе. Оның нәтижесінде білім алушы әр тұлға өзін-өзі өзгертуші субъект дәрежесіне көтерілуі көзделіп, соған лайықты жағдайлар жасалады.

Орыстың ағартушысы К.Д.Ушинский де өз дидактикалық еңбектерінде балаларды оқыта отырып дамыту мәселелеріне ерекше тоқталып, арнайы әдістеме жасаған.

Дегенмен, «дамыта оқу» деген терминге көзқарастар мен пікірлер әр түрлі және «дамытпайтын оқыту бола ма?» деген сұрақ жиі қойылады. Дәстүрлі оқыту тұлға дамуына тек қондырғы болып, дамуға стихиялы әсер етсе, яғни «дамудың соңында жүрсе», ал екінші жағдайда «оқыту дамуды өзімен бірге алып жүреді» деген Л.С.Выготскийдің пікірінен көп нәрсе аңғаруға болады [1]. Осы тұрғыдан білім алушы толық жеке тұлға ретінде нені білдіреді? Оны субъектілік тұрғыдан қандай құрылымдар анықтайды? Қандай қасиеттерін дамыту қажет? деген сұрақтарға жауап беру қажеттігі туындауда.

Жаңа білім парадигмасы бірінші орынға білім алушының білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім алу арқылы тұлғалық дамуын, қалыптастыратын құзыреттілігін қойып отыр.

Осы жылдары оқытудың жаңа технологияларын жекелеген пәндерді оқыту мен пәннің танымдық, мазмұндық сапасын дамыту мақсатында қолдану жүзеге асырыла бастады. Ш.А.Амонашвили, В.Ф.Шаталов, Е.Н.Ильин, И.П.Волков сияқты педагог-новаторлар жаңа идеялар мен тұжырымдарды практикада қолдану арқылы жақсы нәтижелер көрсетті. Ал әдебиет пәнінің орта мектепте оқытылуын тұлғаның тынымдық, тиімді дамуына бағыттау идеясын көтерген әдіскер-ғалым Е.Н.Ильин болды. Ол шығарма өзегіндегі түйінді ойға, басты мәселелерге көркем детальді құрал ете отырып, диалогтік оқыту барысында жетуге болатынын нақты мысалдармен дәйектейді. Сол арқылы әдебиетті адамның рухани болмысына, адамгершілік ұстанымдарына ықпал ететін қарқынды күш, тиімді құрал ретінде қолдануға болатынын айтады.

Жоғары оқу орындарына кредиттік технологиялардың енуі, оқу үдерісін модульдеу, білім беру жүйесінде белгілі білім, білік, дағды (ББД) ұғымдары құзыреттілікпен алмастырылуы да білім беру үдерісінің мақсат, мүддесіндегі жаңа сипатты айқындай түсуде. Білім беруге құзыреттілік тұғырынан қарау, маманның құзыреттілігін арттыру мақсаттары құзыреттіліктің концептуалдық мәнін танудан басталатыны мәлім.

Ғылыми зерттеулерде құзыреттілік ұғымын танудағы ой-пікір алуан түрлі. Атап айтсақ:

Құзыреттілік — адамның алған білімі мен білігін тәжірибеде қолдануға қабілеттілігі және дайындығы; сөздіктерде құзыреттілік (лат. *competentis*) — сәйкестік, сай болу, қабілетті) немесе құзырлылықты игерген, білетін, белгілі бір сала бойынша білетін деген мағынада жұмсалады.

А.К.Шапошников «кәсіби құзыреттілік категориясы: қоршаған ортамен өзара әрекет етуінде адамның кәсіби іс-әрекетін жобалау және жүзеге асыруға мүмкіндік беретін тұлғалық қасиеттері, білімі, іскерлігі және тәжірибесінің біріккен жиынтығы» десе [3], Д.И.Ушаковтың редакциясымен жарық көрген түсіндірме сөздігінде «құзыреттілік» — хабардар болушылық, абыройлық; «құзырет» — жеке тұлғаның кәсіби қасиеті және қызметтік сипаттардың нақты жиынтығы» деп түсіндіріледі. Ал С.М.Вешнякованың «Кәсіптік білім беру» сөздігінде: «кәсіби құзыреттілік *competenens* — қабілетті, белгілі бір саланың тұлғаларының білімінің, білігінің, тәжірибесінің сәйкестігінің мөлшері», деген анықтама берілген [4].

Дж.Равен «Қазіргі заманға қоғамдағы құзыреттілік» атты еңбегінде «кәсіби құзыреттілік» терминіне жеке тұлғаның көп қасиеттерін топтайтын ұғым деп түсіндіреді [5].

Байқап отырғанымыздай, құзыреттілік ұғымына берілетін анықтамалар бірдей емес. Бірақ барлығына ортақ бір түсінік құзыреттіліктің іс-әрекеттің көрінісі екендігінде. Яғни құзыреттілік белгілі бір білім нәтижесін жарыққа шығара алу, қолдана алу қабілеті дегенге саяды.

Қазіргі білім берудің негізгі мақсаты: еңбек нарығында бәсекеге қабілетті, құзыретті, әлемдік стандарт деңгейінде нәтижелі жұмысқа, кәсіби өсуге, әлеуметтік-саяси оңтайлы тез әрекет жасауға, өзгерістерге тез бейімделуге қабілетті жоғары білімді, шығармашыл маман даярлау екендігі жиі айтылып жүр. Ал педагог-маман даярлайтын жоғары оқу орындарын арналған білім стандарттары мен білім бағдарламалары белгілі бір құзыреттіліктерді қалыптастыруды мақсат етеді. Ендеше, оқу мақсаттары жоғары оқу орындарында әдебиеттану ғылымының салаларын оқытуда ғылыми-әдістемелік негіздерді басшылыққа ала отырып белсенді жүргізу талабын алға тартады.

Осындай дидактикалық мақсаттардың өзгерісі қазақ әдебиетін жоғары мектепте оқытудың әдіснамалық негізін қайта саралап, білім берудің парадигмасына сәйкес жұмыс жүргізуді талап ететіні сөзсіз.

Тұжырымдай келе, жоғары мектепте қазақ әдебиетін оқыту әдістемесінің бүгінге дейінгі қалыптасу тарихына шолу жасағанда байқайтынымыз: жоғары мектепте әдебиеттану салаларын оқытудың дәстүрлі жүйесі уақыт үдесінде игілікті оқу-танымдық істі атқарғандығы анық. Ол, бір жағынан, бүгінгі талап-сұраныс мүддесінде жаңа ізденістер мен бағыттардың арналарын айқындауға мүмкіндік берді. Жоғары оқу орындарында қалыптасқан дәстүрлі оқу жүйесі жаңа оқыту технологияларына қондырғы тұғыр ретінде қызмет етері сөзсіз. Дегенмен, уақыт көші алға сүйреген білім мазмұны жоғары мектепте әдебиетті оқытудың жаңа әдіснамалық негізін қалыптастыруды талап етеді.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 *Выготский Л.С.* Психология искусства. — М.: Педагогика, 1987. — 344 с.
- 2 *Беспалько В.П.* Слагаемые педагогической технологии. — М.: Педагогика, 1989. — 192 с.
- 3 *Селевко Г.К.* Современные образовательные технологии. — М.: Народное образование, 1998. — С. 19–25.
- 4 *Ушинский К.Д.* Избранные педагогические сочинения / Человек как предмет воспитания. Опыт педагогической антропологии (1861). — М.: Изд-во АН РСФСР, 1945. — 475 с.
- 5 *Шапошников А.К.* Этимологический словарь современного русского языка. — Т. 2. — М.: Наука, 2010. — 575 с.

Б.Д. Жумақаева, Г.А. Сағынаева

### Совершенствование методики преподавания литературы в высшей школе

В статье рассмотрены пути формирования методики преподавания казахской литературы в высших учебных заведениях. Исследованы труды ученых, формировавших методику обучения литературе как научную дисциплину. Авторами выяснены функциональные стороны учебных пособий и их роль в обучении литературе. Методика преподавания литературы в высшей школе на сегодняшний день исследована в достаточной мере, в то же время в образовательной системе высшей школы возникла необходимость исследования новых тенденций. На основании изложенного, отмечено авторами, можно досконально изучить анализируемое направление и определить новые отрасли исследования.

B.D. Zhumakaeva, G.A. Sagnaeva

## Formation methods of teaching literature in high school

The paper is dedicated to main ways of Kazakh literature teaching methodology formation in the frame of higher education institutions. Exploring the works of scholars who made significant contribution to the methodology of teaching literature as a scientific discipline, the authors found out functional side of the certain manuals and their role in learning literature. Nowadays, methods of teaching literature in higher education institutions are sufficiently studied. At the same time, in the frame of higher education institutions it is necessary to study some new trends related to the methods of teaching literature. Those new trends make it possible to examine thoroughly this area and to identify new fields of research.

### References

- 1 Vygotsky L.S. *Art Psychology*, Moscow: Pedagogy, 1987, p. 344.
- 2 Bepal'ko V.P. *The terms of pedagogical tehnologii*, Moscow: Pedagogy, 1989, p. 192.
- 3 Selevko G.K. *Modern educational technology*, Moscow: Narodnoye obrazovaniye, 1998, p. 19–25.
- 4 Ushinsky K.D. *Selected pedagogical works / man as the subject of education. Experience of pedagogical anthropology (1861)*, Moscow: Publishing House of the Academy of Sciences of the RSFSR, 1945, p. 475.
- 5 Shaposhnikov A.K. *Etymological dictionary of modern Russian language, 2*, Moscow: Nauka, 2010, p. 575.